

СӨЖ №1.

Тақырып: Жырау мен ақын

Мақсаты: Жыраулықтың XV-XVI ғасырлардағы қалыптасу кезеңі өкілдері өмірі, шығармашылығымен танысу. XV-XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы – оны туғызған жыраулар мен ақындардың талант-дарыны жөнінде таныстыру

Сұрақтары:

1. Жырау мен ақынның айырмашылығы
2. Жыраулар поэзиясы және батырлар жыры
3. Жырау мен ақынның айырмашылығы.:

Тапсырма. Сыпыра жырау мен Асан қайғы толғауларының идеялық мазмұндық белгілеріне назар аударып өз ойыңызды білдіріп, баяндама жазыңыз.

Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау: Өздік жұмыстарын орындауда жасалған баяндамалар дәріс материалдарын толықтыра түсуге және студенттердің оқу және ғылыми материалдармен жұмыс істеу қабілеттерін бағалауға мүмкіндік береді. Баяндама дайындаудың кезеңдері:

1. Берілген тақырыпқа қатысты маңызды ғылыми еңбектерді оқу;
2. Оқыған материалға талдау жасау, тақырыпты барынша айқындайтын зерттеушілердің әр түрлі көзқарастарын, фактілерді және ғылыми жағдайларды бөліп көрсету;
3. Баяндама материалдарын логикалық жағынан дұрыс құру және талдап қорыту, мысалы, кеңінен ашып көрсетілген жоспар ретінде;
4. Баяндама мәтінін ғылыми еңбекке қойылатын талаптарды сақтай отырып жазу.

Баяндаманың құрылымы басқа ғылыми еңбектердегі сияқты үш бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

Кіріспе бөлімде баяндама тақырыбы, басқа мәселелермен байланысы, бұл тақырыптың қарастырылуы, негізгі дереккөздер беріледі. Негізгі бөлімі логикалық жағынан нақты құрылуы керек. Мәліметтер өзара байланысты, дәлелді әрі нақты болуы керек. Негізгі мәтінде айтылған ой қайталана бермеуі тиіс. Қорытынды бөлімде тақырып төңірегінде тұжырымдар жасалып, негізгі мәселелер нақтыланады.

Баяндама келесідей тармақтардан тұрады:

1. Титулдық бет.
2. Жоспар.
3. Кіріспе (тақырыптың негізі, мәселенің өзектілігі).
4. Негізгі бөлім.
5. Практикалық шешімдер (мәселені жою үшін қандай шаралар қабылданды).
6. Жасалған жұмысты бағалау.
7. Болашақ дамуды жоспарлау, проблемаларды шешу жолдары.
8. Қорытынды.
9. Пайдаланылған дереккөздердің тізімі.

Баяндама дайындауға қойылатын талаптар: Баяндама толық 4 бетке дейін, Word 6.0, 7.0 редакторында, А4 форматты парақта дайындалып берілуі тиіс, қолданылатын шрифт – Times New Roman, Kz Times New Roman. Интервал –

1. Парақтың барлық жағынан 25 мм алаң қалдырылуы тиіс.

Есеп беру түрі: Баяндама жазу. «Редакциялық кеңес» әдісімен бағалау.

Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау: 3 апта

Жоғарғы ұпай –40